Тілегіміз – тату тірлік, мұратымыз – ауыз бірлік!

Газет 2007 жылғы 22 қарашадан шығады

ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№1-2 (805-806) Сәрсенбі 4-11 қаңтар 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

http://www.qsip.kz/ http://www.instagram.com/eltilegigazeti http://www.facebook.com/eltilegigazeti

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

КОМИССИЯ ЖҰМЫСЫ ЖАЛҒАСУДА
2-бет

МҰСЫЛМАН БОЛУ ҮШІН АРАБ БОЛУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ

3-бет

2023 ЖЫЛЫ ҚАНДАЙ ЗАҢДАР КҮШІНЕ ЕНЕДІ

4-бет

БЮДЖЕТТІҢ ӘРБІР ТИЫНЫ УАҚЫТЫЛЫ ӘРІ САПАЛЫ ИГЕРІЛУІ КЕРЕК

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев осы кезге дейін қала, аудан әкімдері мен басқарма басшыларына бюджет қаражатын уақытылы игеру және инвестиция тарту арқылы жаңа жобаларды жүзеге асыру негізгі басымдық екенін алға тартып, нақты тапсырмалар берді.

Аймақ басшысының төрағалығымен өткен жиында облыс бюджетінің игерілуі және 2023 жылы республикалық бюджет есебінен жобалардың қаржыландырылу барысы мен мемлекеттік сатып алу заңына өзгерістер енгізу мәселелері қаралды. Облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы Нұрғали Қордабай бюджет игеру бағыты бойынша талдау қорытындысын баяндады.

Жиында Нұрлыбек Нәлібаев өткен жыл қорытындысымен облыс бюджеті қаражатының игерілуі 99,5%-ды құрап, Қызылорда өңірі республика көлемінде қаржы игеру бойынша 3 орында екенін атап өтті. Бұл жақсы нәтиже болғанымен, өткен жылы кейбір бағытта қаржының игерілмей қалуы салалар жұмысына кері әсерін тигізетінін ескертті. Мәселен, 2022 жылдың қорытындысымен Қармақшы ауданы мен Қызылорда қаласында бюджет қаржысы толыққанды игерілмеген.

«Бюджет қаражатын алу үлкен еңбекпен келеді. Мен үнемі барлық басқарма басшыларына, аудан, қала әкімдеріне бюджет қаржыларының тиімді әрі мақсатты жоспарлануына және уақытылы игерілуіне қатаң талап болатынын ескертіп келемін. Бюджеттің әр тиыны сұраулы. Әрбір жобаның мерзіміне қарай, мердігерлермен уақытылы жұмыс жасалуы керек. Мәселен, жаңа мектептердің құрылысын аяқтау жыл соңында деп белгіленеді, бірақ оқу жылы қыркүйекте басталады. Жоспарлау дұрыс емес. Бюджет қаржысын бағыттау барысында да жобалардың мерзімі ескерілмейді, салдарынан қаржы игерілмейді. Сондықтан қала, аудан әкімдері қаражатты халыққа ең қажетті деген мәселелерге бағыттау керек,- деді Н.Нәлібаев.

(жалғасы 2-бетте)

ОҚУШЫЛАР ЫСТЫҚ ТАМАҚПЕН ҚАМТЫЛДЫ

Бүгінге дейін мектептерде әлеуметтік жағынан осал отбасылардың балалары ыстық тамақпен қамтылып келген болатын. Енді бастауыш сыныптың барлық оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылатын болды. Жалпы облыс бойынша 295 мектеп бар, оның 6 мектеп-интернат. Орта мектептердің 95% асханамен қоса буфеттер жұмыс жасайды, 4 мектепте буфеттік тамақтану ұйымдастырылған. Жекелеген санаттағы балаларды тегін тамақтандыру бойынша 2022 жылы 33 061 бала қамтылған. Облыстық бюджеттен жалпыға міндетті оқу қорынан тегін ыстық тамақпен қамтуға 2,5 млрд. теңге бөлінді.

Қазыргі таңда облыс бойынша 1-4 сынып аралығында 70 863 бала білім алады. Оның ішінде қолдауды қажет ететін отбасыдан 14 962 бала тегін ыстық тамақпен қамтылып келсе, биылғы жылдың 9 қаңтарынан бастап 1-4 сыныпта білім алатын (55 901 бала) қалған оқушылар да тегін ыстық тамақпен қамтылуда. Бұл мақсатта бөлінген қаржы 5,1 млрд. теңгені құрайды.

Облыстық білім басқармасының мәліметінше, білім беру ұйымдарында ас мәзір нормалары «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 Қаулысын басшылыққа алып жасақталған. Білім беру асханаларында тағам рационы Қазақ тағамтану академиясының Ұлттық салауатты тағамтану орталығы ұсынған «Мектеп оқушыларының тағам рационы бойынша бірыңғай стандарттар» әдістемелік ұсынымдарына сәйкес перспективалық маусымдық (жаз-күз, қыс-көктем) төрт апталық мәзір жасалып, құнарлы тағамдар дайындалып берілуде.

Мәзірді әзірлеу кезінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жас санаты ескеріліп, витаминдік-минералдық кешенмен байытылған тамақ өнімдері көзделген. Бір мезгіл тамақтану құны орташа есеппен 557 теңгені құрайды. Осыған сәйкес 1-4 сыныпта білім алатын 70 863 оқушы, 5-11 сыныпта қолдауды қажет ететін 17 382 бала, барлығы 88 245 бала тегін тамақпен қамтылуда. Оған 7,6 млрд. теңге қаржы бөлінген.

ӘЛЕУМЕТТІК ТОПТАМАНЫҢ ОРНЫНА ӘР БАЛАҒА 5175 ТЕҢГЕДЕН ТӨЛЕНЕДІ

1 қаңтардан бастап қолданысқа енген атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балаларына көрсетілетін кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы монетизациялау ата-аналарға балалардың жеке қажеттілігіне қарай керекті тауарларды өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді.

2020 жылғы қаңтар айынан бастап атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларына АӘК-ке қосымша әлеуметтік қолдау шарасы ретінде азық-түлік пен тұрмыстық химия жиынтығы түріндегі кепілдік берілген әлеуметтік топтама ұсынылғаны белгілі. 2022 жылы әлеуметтік көмек алатын отбасының әр мүшесіне, яғни әр балаға төленетін АӘК-тің орташа көлемі – 6 650 теңге болды.

Табысы аз отбасы балаларына қосымша ұсынылатын азық-түлік пен тұрмыстық жиынтықтың құны 5 174 теңге деңгейінде белгіленді. Бұл ретте кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы алушылардан осы топтаманы заттан гөрі ақшалай форматқа ауыстыру туралы ұсыныстар көп болды. Кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы алушылардың өтінішін ескере келе 2023 жылдан бастап кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы монетизациялау туралы шешім қабылданды. Монетизация АӘК алатын әрбір балаға ай сайын 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қосымша ақша беріледі. Бұл ата-аналарға балалардың жеке қажеттілігіне қарай қажетті тауарларды өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді.

БАСПАНАЛЫ БОЛУҒА ТАҒЫ МҮМКІНДІК

Қызылорда облыстық мәслихатының Әлеуметтік және мәдени мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясында Қызылорда облысының жастарына арналған «Сыр жастары» жеңілдетілген ипотекалық несие беру бағдарламасының алдын ала талқылауы өткізілді.

Облыстық мәслихат депутаты Г.Есқалиеваның төрағалығымен өткен комиссия отырысында жастарға арналған бағдарламаның ережесі мен талаптары таныстырылды. Бағдарлама облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың «Облыстық жастар форумында» берген тапсырмасына сәйкес жасалып, ұсынылды.

«Сыр жастары» бағдарламасына 18-35 жас аралығындағы Қызылорда облысында соңғы 2 жылда тіркеуде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады. Жеңілдетілген несие 19 жылға 5% үстемемен «Отбасы банк» арқылы беріледі, қатысушының банкте үйдің бағасының 10% құрайтын салымы болса болғаны. Бағдарламаға білім, денсаулық сақтау, спорт, мәдениет, журналистика саласының мамандары, мемлекеттік және азаматтық қызметшілер, ғылыми қызметкерлер, ұлттық холдингтердің жергілікті филиалдарының, екінші деңгейлі банк қызметкерлері, құрылыс, қоғамдық тамақтану және басқа да қызмет көрсету саласының қызметкерлері мен әлеуметтік қызметкерлер қатыса алады. Жолдама беру балдық жүйемен жүзеге асырылады. Аймақта кезекте тұрған 7 жарым мыңға жуық жастар бар екенін ескерсек, алдағы уақытта бағдарлама арқылы берілетін үйлердің жас отбасыларға ерекше қуаныш сыйлайтыны анық. Тұрақты комиссия мүшелері сұрақтар қойып, бағдарламаға енгізілуі қажетті деп санаған ұсыныстарын білдірді. Алдағы уақытта бағдарлама жобасы бірлескен отырыста қаралып, облыстық мәслихат сессиясына шығарылатын болады.

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ЖАС ҒАЛЫМ «SMART БОТАНИКАЛЫҚ БАҚ» ЖАСАМАҚ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге арналған ректор грантына конкурс ұйымдастырылды. Байқауға университет бойынша 22 жоба ұсынылып, оның ішінде 6 жас ғалымның жобасы үздік деп танылды.

Конкурс талабына сәйкес, білім ордасының 40 жасқа дейінгі ғалымдары мен 1, 2 курс докторанттары жаңа зерттеулерін ұсынды. Айталық, жас ғалым, аға оқытушы Дархан Орынбеков заманауи Arduino технологиясымен «Smart ботаникалық бақ» жасақтамақ.

«Smart ботаникалық бақ» – әлемдік және жергілікті бірегей флора туралы қазіргі заманғы деректерді қамтитын жоба.

Arduino – арнайы білімі жоқ, бірақ қызығушылығы жоғары қолданушыға арналған автоматика және робототехника салаларындағы әртүрлі электронды құрылғыларды жасауға арналған құрал. Arduino бөлшегі датчиктерден сигнал қабылдап, құрылғыларды басқара алады. Ол автономды режимде немесе компьютермен бірге жұмыс істейді.

Бақта өсімдік топырағына ылғалдылықты анықтайтын датчик қойылады. Сол датчик көрсеткіштері арқылы автоматты түрде суару қосылады. Өсімдіктердің суару жүйесі автоматтандырылған. 24 сағатта бір рет 10-15 минут суарылады. Ол өсімдіктің түріне де байланысты, – деді грант иегері Дархан Данияұлы.

Ал, университеттегі «Археология және этнография» орталығының ғылыми қызметкері, PhD Ислам Құрманиязов Ежелгі Асанас, Қышқала, Арал-асар ескерткіштерінен табылған остеологиялық материалдарды ғылыми талдау және аймақтық ортағасырлар кезеңіндегі жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесін зерттеу жұмысын қолға алғалы отыр.

Сондай-ақ, «Мәдениеттану» мамандығы бойынша философия докторы Жарқынбек Әбікенов оңтүстік өңір тұрғындарының коммуникациялық мәдениетіндегі үдерістерді зерттеу жұмысымен айналыспақ. Ғалым Қызылорда, Түркістан, Жамбыл, Жетісу, Алматы облыстары мен Алматы, Шымкент қаласы тұрғындарының коммуникациялық дағдыларын басты назарға алуды жоспарлауда.

Гранттық жобаларды іріктеуде жоба тақырыбының маңыздылығына, ашықтығына, өзектілігіне ерекше басымдық берілді.

Қазақ халық педагогикасындағы дене шынықтыру дәстүрлерін терең зерттеп, студенттерді патриоттық тәрбиелеу жұмысы туралы PhD Талант Бимахановтың жобасы да конкурста қолдау тапты.

Ал, педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы Ербол Бекіш XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақтың рухани және зайырлы интеллигенциясының ағартушылық-педагогикалық қызметін зерттемек.

Сондай-ақ, конкурс барысында тіл мәселесі де назардан тыс қалмады. Бастауыш, орта және жоғары мектеп мұғалімдеріне арналған психологиялық-педагогикалық терминдердің үш тілде глоссарийін әзірлеу туралы Жанна Ізтілеуованың жобасы да қолдауға ие болды.

Жобалары үздік деп танылған ғалымдар осы жылдың желтоқсан айына дейін зерттеу жүргізіп, республикалық және халықаралық ғылыми басылымдарға мақалалар жариялайды. Оларға осы жұмыстарды жүргізу үшін жалпы қаржы көлемі 10 млн. теңгелік сертификаттар табысталды.

Айта кетейік, 2021 жылы жалпы қаржы көлемі 10 млн. теңгелік 4 жоба университеттің грантын иеленген болатын. Жас ғалымдарға арналған бұл конкурс дәстүрлі түрде жалғасын тауып келеді.

Университеттің ғалымдарға деген қолдауы зерттеушілердің ғылымға деген қызығушылығын арттырып, жаңа жобалардың ашылуына жол ашпақ.

СУДЬЯЛАР КОРПУСЫНА АЛҒЫС БІЛДІРДІ

Қызылорда облыстық соты төрағасының атына Қызылорда қаласының тұрғыны Ж.Молдыбаевадан облыстық сот судьялары Н.Қосановқа, Н.Әміртайұлына, А.Есдаулетовке және Қызылорда қалалық сотының төрағасы Д.Кентбаевқа алғыс білдіру хаты келіп түсті.

Алғыс хатта: «... көршім арақашықтықты сақтамай, кәмелетке толмаған қызыма сыйға берілген тұрғын үйге қабаттастырып екі қабатты ғимарат салып, құқығымызға нұқсан келтірді. Жауапкерге бірнеше рет ескерткеніммен, уәкілетті органдарға жүгінгеніммен, нақты әрекеттер жасалынған жоқ. Жауапкердің іс әрекеті Қызылорда қалалық сотының төрағасы Д.Кентбаевтың шешімінің негізінде заңсыз деп танылды. Сонымен қатар Қызылорда облыстық сотының төрағалық етуші Н.Қосанов пен судьялар Н.Әміртайұлы, А.Есдаулетов бірінші саты сотының шешімін заңды күшінде қалдырды. Өзінің ісінің кәсіби шеберлері, әділ судьялар корпусына алғысымды білдіремін. Сондай-ақ мен секілді қарапайым адамның конституциялық құқығын қорғау арқылы сот беделі одан әрі артатынына сенімдімін» - делінген.